

Қазақстанның биологиялық ресурстары

Жоспар:

- 1. Орман*
 - 2. Орман зоналары*
 - 3. Орман географиялық фактор*
 - 4. Орманды алқаптар*
 - 5. Орман жолағы*
 - 6. Орман мелиорациясы*
 - 7. Орманның адамзат қоғамы үшін маңызы*
- Пайдаланылған әдебиеттер*

Орман — жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішінде өсімдіктер жамылғысының басты бір типі. Құрамында бір-біріне жақын өскен ағаштың бір немесе бірнеше түрлері бар табиғи кешен. Құрамы мен өсуіне қарай мәңгі жасыл, қылқанды, ақшыл қылқанды, күңгірт қылқанды, жапырақты, ұсақ жапырақты, жалпақ жапырақты, тропиктік, муссондық, мангрлық және т.б. ормандар деп бөледі.




Орманның құрылымы ортаның



1 физикалық-географиялық жағдайларына, өсімдіктердің түрлік құрамы мен биологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Ол топырақ түзілуіне, климатқа, ылғал айналу процесіне және т.б. әсері көп, тропосферамен өзара белсенді әрекетте болады да, оттегі пен көміртектің алмасу деңгейін анықтайды (ең ірі орманды аймақтар атмосферадағы оттектің шамамен 50%-ын жинайды").

Орман зоналары



Орман зоналары - құрлықтың қоңыржай, субтропиктік, тропиктік және субэкваторлық белдеулері мен табиғи ландшафтыларда ағашты-бұталы өсімдіктері басым экваторлық белдеудің табиғи зоналары. Негізінен, ылғалы жеткілікті немесе тым ылғалды солтүстік жарты шар аумағында тараған.

Муссонды атыраптарда мәңгі жасыл ормандармен бірге жапырақтарын жылдың құрғақ кезінде тастайтын түспе жапырақты ормандар өседі. Жерортатеңіздік климатты атыраптарда қоңыр топырақтарда өсетін қатқыл жапырақты ормандар мен бұталар тараған — маквис, гарига, бүрген (шибляк), фригана. Экваторлық және субэкваторлық белдеудің өте ылғалды аудандарында ыстық климат жағдайында қызыл және қызыл сары ферралитті топырақтарда түр құрамы бай, көп жікқабатты ормандар өседі.

Орман географиялық фактор

Орман топырақтың құрылысына, су алмасуына, онда органикалық және минералдық заттардың жиналуына әсер етеді. Орман топырағында ылғал жеткілікті, сондықтан оның құрамында шірінді көп. Аумағының кеңдігіне қарамастан қазақ жерінде Орманды жерлер көп емес. Оның басты себебі жеріміздің негізгі бөлігі *құрғақ, жартылай шөл, шөлді* аймақтарда орналасқандығы, ал Орман ағаштары негізінен ылғал мол түсетін алқаптарда өседі. Республика аумағындағы Ормандар және бұталар алып жатқан көлем 21,6 млн. га, бұл Қазақстан жерінің **4,2%-ы** ғана. Орман ағаштары республикада Солтүстік Қазақстанның орманды-дала зонасында және дала зонасының қосымша ылғал алатын ойпаңды жерлерінде өссе, *оңтүстік пен оңтүстік-шығыстағы Қалба жотасы, Алтай-Сауыр, Солтүстік Тянь-Шань және Батыс Тянь-Шань тауларының* ылғал мол түсетін орташа биік белдеулерінде өседі.

Орманды жердің топырағы қышқыл, мұндай топырақта өсімдік тамыры терең бойлап, минерал заттарды мол алады, суды көп буландырып, ондағы жануарлар мен өсімдіктерге қолайлы микроклимат жасайды. Орман ағаштары, оның ішінде “мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаштар” өз жапырақтары арқылы өздері өскен қоршаған ортаға зиянды “ауру қоздырғыш бактерияларды” өлтіретін, хош иісті заттар (фитонцид) шығарады.

Орманды алқаптар

Көлемі жағынан Қазақстан Ормандарының жартысынан астамын (52,2%) шөлді аймақтардағы *сексеуілді Ормандар* алып жатыр. Сексеуілдің Қазақстанда 2 түрі (қара сексеуіл мен ақ сексеуіл) өседі. Қара сексеуіл бүкіл Бетпақ даланың батысында, Сарысу өзені бойының орталығында, Іле өзені сағасының оң жағалауында және Шу өзені мен Мойынқұмның аралығында таралған. Ақ сексеуілді Орманды алқаптар *Қарақұмда, Мойынқұмда, Балқаш төңірегі* мен *Қызылқұмда* өседі. *Сексеуілді Орманның* құмды алқаптардың жылжуын тоқтатуда маңызы зор және **қой, түйе** үшін қысы-жазы жақсы жайылым. Сексеуілден басқа Қазақстанның шөлді аймақтарын кесіп өтетін Сырдария, Шу, Іле, т.б. өзендердің бойларында түрлі ағаш-бұталар (терек, тобылғы, жыңғыл, шетен, емен, шегіршін, тал, т.б.) өсетін тоғайлы ормандар кездеседі. Олар жыл бойы сумен жақсы қамтамасыз етілетіндіктен, *шөл ішіндегі жақсы көлеңкелі, сулы тамаша демалыс орындары* болып саналады. Қазақстанда орман ағаштарын тиімді пайдалану, т.б. мәселелерімен Көкшетау қаласында орналасқан Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ғылыми-зерттеу институты айналысады.

Орман жолағы

Орман жолағы (*Лесные полосы*) — суармалы танаптардың төңірегіне, каналдардың, су қоймаларының жағалауларына, жол бойларына өсірілген ағаш, орман белдеулері.

Орман мелиорациясы

Орман мелиорациясы (*Лесомелиорация*) — қандай да болсын бір аумақтың (*оған бұзылған жерлер де енеді*) гидрологиялық, топырақтық, климаттық, ландшафтық және т.б. табиғи жағдайларын жақсарту үшін жасанды жасалатын немесе өзгермелі орман екпе ағаштарын пайдалану бойынша шаралар кешені.

Орманның адамзат қоғамы үшін маңызы

Орман қорлары бүкіл биосферадағы тіршілік үшін, оның ішінде адамзат қоғамы үшін аса маңызды. Тиімді пайдаланған жағдайда өз-өзінен қайта қалпына келіп тұратын таусылмайтын табиғи қор



Пайдаланылған әдебиеттер:

- Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: География және геодезия. — Алматы: "Мектеп" баспасы, 2007. — 264 бет. ISBN 9965-36-367-6
- Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Биология / Жалпы редакциясын басқарған профессор Е. Арын – Павлодар: 2007 - 1028 б. ISBN 9965-08-286-3
- Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет. ISBN 5-7667-8284-5
- Қазақ энциклопедиясы VII-том, Асқаров І.Ж., Байзақов С.Б., Қазақстан орман алқаптары. Табиғат ел байлығы (жинақ), А., 1979; Экономика природопользования, Под ред. Т.С.Хачатурова, М., 1991; Романова Э.П., Куранова Л.И., Ермаков Ю.Г., Природные ресурсы мира, М., 1993.
- Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Су шарушылығы. – Алматы, Мектеп, 2002 жыл.